Білім алушылар үшін оларды табысқа ынталандыру үрдісі маңызды болып табылады, өйткені бірінші жетістік кедергілерді жеңуде шешуші сәт бола алады. Л.С.Рубинштейн [67] ынталандыруды ынталандыру күші ретінде анықтайды, субъектінің белсенділігін тиімді құралдармен мақсатқа жетуге бағыттайды.

Ынталандыруды ұйымдастыру қызметте жеке тұлғаның мүмкіндіктерін неғұрлым толық қолдану және дамыту үшін қажетті жағдайлар жасауды көздейді.

Оқушыларды табысқа ынталандыру педагогтың белсенді оқу қызметін, тұлғаның практикалық және ішкі психологиялық белсенділігін қамтамасыз ететін жағдайларды ұйымдастыруын көздейді.

Бұл шарттарды ішкі - субъективті және сыртқы - объективті деп, қарастыруға болады.

### **3 Тілдік пәндер сабақтарына қажетті мәтіндік оқу материалдарын таңдау бойынша педагогтерге арналған әдістемелік ұсыныстар**

Тілдік пәндер бойынша сабақтарға арналған мәтінді оқу материалдарын таңдау білім беру процесіндегі өзекті мәселелердің ең маңыздыларының бірі болып табылады. Білім алушыларды оқу, жазу мәдениетіне, мәтіндермен жұмыс істеуге тарту, бұл қазіргі заманның сұраныстарына жоғары зияткерлік деңгейде жауап беретін, экономикадағы, саясаттағы, білімдегі, ғылымдағы, өнердегі және басқа да салалардағы жаһандық бәсекелестіктің қарқынды дамып отырған жағдайында елдің тұрақты дамуын қамтамасыз ете алатын қазақстандық азаматтардың жаңа ұрпағын қалыптастырудың қажетті шарты болып отыр.

Тілдік пәндерді оңтайлы оқытуға арналған мәтіндік материалдарды іріктеу критерийлерін анықтау, осы әдістемелік ұсынымдардың мақсаты болып табылады.

Тілдерді оқыту процесінің бастапқы сатысында мәтінді оқу немесе мәтіндермен жұмыс істеу оқытудың өзіндік мақсаты, сонымен қатар басқа да сөйлеу әрекеттері түріндегі дағдылар мен біліктерді дамыту барысында көмекші құралы ретінде бола алады.

Оқу дағдыларын дамыту жағдайында мәтіннің мазмұны және оның құрылымы зерттеу нысанына айналады.

Оқу мәтіні тәрбие функцияларын орындауы тиіс, қатысы бар сөйлеу стилінің өзіне тән ерекшеліктерін бейнелеуі, сонымен қатар оқылатын пәндердің лексикасының есебінен білім алушылардың сөздік қорын байытуға ықпал етуі тиіс.

Осыған байланысты, аталған талаптарға сәйкес болу және оқытудың жоспарланған мақсаттарына жету үшін, оқу процесіне қандай мәтіндерді кіргізуге болатынын анықтап алу қажет.

Тіл пәндері бойынша оқу мәтіндері шектеулі ұғымдарды емес, керісінше жалпы түсініктерді жариялауы тиіс

Коммуникативті мақсат – білім алушыларды мәтіндерді оқуға, оқулықтармен және ұсынылған қосымша әдебиетпен өздігінен жұмыс істеуге дайындау. Ол прагматикалық тапсырмаға бағынышты конструктивтік элементтердің сатыларын бейнелейтін, бейінделген мәтіндерді оқу процесінде пайдалану арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Оқу мәтіндерін іріктеу және әзірлеу барысында мұғалімдер келесі факторларды жетекшілікке алады:

- 1) ынталандыру (танымдық) факторы;
- 2) қызығушылық іріктеудің факторы ретінде;
- 3) тақырыптық сәйкестік;
- 4) мазмұнының қолжетімділігі;

5) мәтінге қосылған лексикалық және грамматикалық материалдың білім алушылардың шамасына сәйкестігі.

Балалар мен жасөспірімдердің тілдік пәндер сабақтарында оқуды дамыту үшін мәтінді оқу материалдарын сауатты таңдауды, елдің болашағы үшін

маңыздылығы бар мемлекеттің мәдени және білім беру саясатындағы алғышартты бағыты ретінде қарастырулары қажет.

Қазіргі заманғы әлемде даму ең алдымен ақпаратпен, мәтінмен алмасу арнасының жылдамдығымен және сапасымен ғана анықталмайды, сонымен қатар сол ақпараттың, мәтіндердің сапасымен және ең бастысы, оны барлық қоғамның игеру шараларымен анықталады.

Осындай мәнмәтінде тілдік пәндердің сабақтарында баспа және электронды кітаптардағы, журналдар мен газеттердегі, түрлі құжаттардағы, интернет-ресурстардағы мәтіндік оқу материалдары ғылыми, кәсіби және күнделікті білімді, базалық әлеуметтік маңызды ақпаратты меңгерудің маңызды тәсілі ретінде, сонымен қатар адамзат жинақтаған әлеуметтік тәжірибе мен мағынаны меңгеру көзінің маңыздылығы бойынша алғашқы және негізгі рөлді атқарады.

Сабақтарда дұрыс таңдалған мәтіндік оқу материалдарымен жұмыс істеудің нәтижесінде білім алушылар ақпаратты іздеуді, қажетті ақпаратты белгілеу мен жазып алуды, жүйелеуді, салыстыруды, талдауды және қорытындылауды, түсіндіруді және түрлендіруді жүзеге асыра алады.

Нәтижесінде білім алушылар:

- әр түрлі хабарламаларды (тұрмыстық сипаттағы, көркем және ақпараттық мәтіндерді) есту арқылы қабылдауды және түсінуді;
- мәтіндерді өз қызығушылығын қанағаттандыруды, оқу тәжірибесін алуды, ақпаратты меңгеру және пайдалану мақсатында оқуды;
- мәтіндерді оқу барысында оқудың таныстыру, зерттеу, іздеу тәрізді жаңа түрлерін қолдануды; оқудың мақсатын түсінуді және соған байланысты оқудың қажетті түрін таңдауды;
- түрлі форматта (мәтін, сурет, кесте, диаграмма, сызба-нұсқа) ұсынылған мәтіндегі ақпаратпен жұмыс істеуді;
- мәтіндердің күрделілік деңгейіне байланысты жас ерекшелігіне сәйкес келетін сөздіктер мен анықтамалықтарды қолдануды;
- қолданылған әдебиеттер және басқа да ақпараттық дереккөздер тізімін құрастыруды, мекенжай және телефон кітапшаларын толтыруды;
- мәтіннің тақырыбын және негізгі ойын анықтауды;
- мәтінді мағыналық бөліктерге бөлуді;
- мәтіннің қарапайым жоспарын құруды;
- оқылған немесе тыңдалған мәтіннің мазмұнын егжей-тегжейлі және қысқаша әңгімелеуді;
- мәтінде нақты берілген ақпаратты, деректерді (мысалы, математикалық деректерді) және тәуелділіктерді табуды;
- мәтінде айқын емес (нақты емес) ұсынылған ақпаратты түсінуді: мысалы, элементтер тобының ортақ белгісін белгілеу, құбылыстың суреттемесі бойынша оны сипаттауды; мәтіннен пайымдауды дәлелдейтін бірнеше мысал табуды;
- тұтас мәтіндегі ақпаратты кестеге ауыстыруды;
- суреттен алынған ақпаратты мәтінге айналдыруды;

- оқылған мәтінге сүйене отырып ұсынылған сызба-нұсқаны толтыруды;
- мәтіннің мазмұнын, тілдік ерекшеліктері мен құрылымын талдау және бағалауды; мәтіндегі иллюстрациялық тізбектің орны мен рөлін анықтауды;
- оқу міндеттерін жүзеге асыруға арналған маңызды ақпаратты серіктесіне беруді, оқылған немесе тыңдалған ақпаратты талқылау барысында диалогқа қатысуды;
- алынған оқырман тәжірибесін сезімдік тәжірибесін байыту үшін пайдалануды, оқылған мәтін туралы өз пайымдаулары мен көзқарастарын айтуды;
- бір немесе бірнеше мәтінмен жұмыс істеу процесінде оның мазмұнында кездесетін қарама-қарсы, шиеленісті ақпаратты анықтауды үйренеді.

Осылайша, тілдік пәндердің сабақтарына арналған мәтіндік оқу материалдарын таңдау бойынша педагогтарға берілген әдістемелік ұсыныстар, мұғалімді жаңа маңызды міндеттерді шешуге көңіл аударуды күшейтудің қажеттігіне, яғни өмірлік іс-әрекеттік құзыреттіліктерді дамытуға қажетті негіз болып табылатын, сабақтарға және өздігінен оқуға арналған мәтіндік оқу материалдарын қалыптастыруға бағыттайды.

Білім алушының пәнге деген қызығушылығын, оның танымдық және шығармашылық белсенділігін ынталандыру – мұғалімнің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

Бұл міндеттерді шешу барысында мәтіндермен ақпарат көздері ретінде мысалы: оқу әдебиеттерімен (оқулықтармен), сөздіктермен, анықтамалықтармен, электронды оқу құралдарымен, құжаттармен және т.б. жұмыс істеудің біліктерін игеру үлкен көмек көрсетеді. Оқулық – пән бойынша білімнің негізгі көзі, оқу біліктерін қалыптастыру және танымдық іс-әрекет тәсілдерін меңгеру құралы. Оқу процесі барысында ол ақпараттық, дамытушылық және тәрбиелеушілік қызметтер атқарады. Осылайша, тілдік пәндердің сабақтарында мәтінмен жұмыс істеудің түрлі формаларын қолдану арқылы олардың бойында осы қасиеттерді тәрбиелеуге болады.

Мұғалімнің міндеті – мәтінмен жұмыс істеуді ұйымдастырудың түрлі формаларын қолдана отырып, білім алушыны мәтінді түсінуге үйрету. Жасыратыны жоқ, қазіргі кездің мектеп оқушылары аз оқиды және кейде оқығандарын әрең түсінеді. Әр сыныпта (тіпті жоғары сыныптарда да) мәтінді жылдам, сонымен қатар түсініп оқи алмайтын білім алушылар бар. Кейбір білім алушылар оқулық мәтінін мұғалімнің түсіндірмесінен кейін ғана түсінуге болады деп санайды. Бұл олардың бойында оқулық материалы бойынша ойлану, параграфтың мазмұнын, иллюстрацияларды және кестенің деректерін пайдалана отырып қойылған сұрақтарға жауапты өздігінен табу дағдысының қалыптаспағандығын көрсетеді. Ал бұл дағдылар, бәлкім, оқуда және өмірде аса маңызды болып табылуы мүмкін. Түсінікті болу үшін Ұлттық бірыңғай тестілеудің нәтижелерін қарастырудың өзі жеткілікті, мысалы: мәтінмен жұмыс

істеу дағдысы болмаса мектеп бітіруші тестілеу барысында мәтінді игере алмайды. Мектепті бітіру емтихандарынан кейін оның өмірі жалғасады: олардың көпшілігі оқуын еліміздің колледждерінде, жоғары оқу орындарында жалғастырады, сондай-ақ қарапайым өмірдің өзінде де мәтінмен жұмыс істеу білігі маңызды рөл атқарады. Мысалы, қажетті құжаттарды толтыру, әңгімелесе білу, пікірталас жүргізу және оқығанды түсіну дағдысы.

Сабақ барысында мұғалім келесідей проблемаларға тап болады:

- білім алушылар қажетті ақпаратты таба, тәртіпке келтірілмеген деректерді талдай және қорытындылай алмайды;
- алынған білімдері мен біліктерін тәжірибелік іс-әрекетінде қолдана алмайды;
- түрлі белгілік жүйелерде (мәтін, сызба-нұсқа, кесте, диаграмма) берілген ақпаратты түрлендіру дағдыларын меңгермеген;
- берілген тақырыптар бойынша бейімделмеген (философиялық, ғылыми-көпшіліктік, публицистикалық, әдеби) мәтіндерден қажетті білімді шығарып алу қабілеті жоқ.

Сондықтан, педагогикалық қызметте мұғалім үшін:

- мәтінмен жұмыс істеу біліктерін дамыту арқылы білім алушылардың ақпараттық және коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру;
- сабақтарға арналған мәтіндік оқу материалдарын іріктеу маңызды болып табылады.

Тілдік пәндердің сабақтарына арналған мәтіндік оқу материалдарын іріктеуде педагогтар үшін келесі жағдайларды ескеру қажет:

- 1) мәтін дәл және сенімді мәліметтері бар, қазіргі заманғы ғылымның жетістіктер деңгейіне сәйкес келуі тиіс;
- 2) баяндалатын мәтін материалы жүйелі, логикалы және бірізді болуы тиіс;
- 3) мәтін материалы құрылымды және мөлшерлі баяндалуы тиіс;
- 4) мәтін білім алушылардың қабылдауы үшін нақты, түсінікті және қолжетімді болуы тиіс;
- 5) мәтіндегі анықтамалар нақты белгілер арқылы анықталатын мазмұнды ашуы, мөлшерлі, түсінікті болуы және екі мәнді ұғымдар қолданылмауы тиіс.

Педагогтар үшін тілдік пәндердің сабақтарына арналған мәтіндік оқу материалдарын іріктеуде Үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес білім беру деңгейлеріне көңіл аудару да қажет, олардың өзіне тән мақсаты және міндеттері, мәтінмен жұмыс істеу түрлері болады.

*Бастауыш білім беру (Т1, РЯ 1)*

Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» (оқыту қазақ тілінде) және бастауыш білім беру деңгейінің 2-4-сыныптарына арналған «Орыс тілі» (оқыту орыс тілінде) пәндерінен үлгілік оқу бағдарламаларына [1; 2] сәйкес, тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды дамыту арқылы тіл туралы бастапқы білімді меңгерту және оны тілдік нормаларды сақтай отырып, оқу әрекеті мен күнделікті өмірде қолдану,

функционалдық сауаттылықты қалыптастыру аталған пәндерді оқытудың негізгі мақсаты болып табылады

Бастауыш мектепте пәнді оқудың мақсатына жетудегі міндеттердің бірі өз ойын жеткізу және өнімді сөйлеу әрекеті үшін, сөздік қорды байыту және белсендендіру арқылы сөйлемді саналы қолдану білігін, сөйлеу мәдениетін дамыту мен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру болып табылады.

*Бастауыш білім беру (Т2, РЯ2)*

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» (оқыту қазақ тілінде емес) және бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Орыс тілі» (оқыту орыс тілінде емес) пәндерінен үлгілік оқу бағдарламаларына [3; 4] сәйкес, тілдік этикет және қарым-қатынас жағдайына бағдарланған сөйлеу қызметінің тілдік бірліктерінің қолданылу нормаларына сәйкес тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым дағдыларын қалыптастыру пәндерге оқытудың мақсаты болып табылады.

Бастауыш мектепте пәнді оқытудың мақсатына қол жеткізу міндеттерінің бірі өмірдің әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, ғылыми-көпшілік, оқу салаларында қарым-қатынас жасауға қажетті тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын дамыту; тілдік бірліктер, олардың сәйкестігі ережелері туралы білім, қазақ/орыс тілінің нормалары мен ережелеріне сәйкес синтаксистік дұрыс сөйлемдер құру дағдылары мен біліктерін қалыптастыру; білім алушылардың қазақ/орыс тіліндегі лексикалық және фразеологиялық коммуникативтік маңызды сөздік қорын байыту болып отыр.

*Бастауыш білім беру (АЯ)*

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Ағылшын тілі» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасына [5] сәйкес «Орыс тілі» пәніне оқытудың мақсаты – білім алушылардың А 1 деңгейіндегі тілдік дағдыларын дамыту болып табылады.

Бастауыш сыныпта пәнді оқыту мақсатын орындаудың міндеттерінің бірі талдауға, бағалауға және шығармашылық ойлауға жағдай жасайтын; ауызша және жазбаша дереккөздердің кең ауқымының әсері тәрізді түрлі міндеттерді орындау болып отыр.

*Негізгі орта білім беру (Т1, РЯ 1)*

Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына [6; 7] (оқыту қазақ тілінде) және негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Орыс тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына (оқыту орыс тілінде) сәйкес пәндерді оқытудың мақсаты келесідей: тіл туралы білімді меңгеру негізінде сөйлеу қызметінің барлық түрлері бойынша коммуникативтік қабілеттерін қалыптастыру арқылы шығармашыл, белсенді тілдік тұлғаны дамыту, сонымен қатар түрлі деңгейдегі құралдарды қолдану нормаларын және оларды нәтижелі сөйлеу әрекетінде белсендендіру, сондай-ақ сөздік қорды байыту.



*Негізгі орта білім беру деңгейінде* пәнді оқудың мақсаттарына қол жеткізу міндеттерінің бірі: қазақ/орыс тілі, түрлі салалар мен қарым-қатынас жағдаяттарындағы оның қызметі, стилистикалық ресурстар, әдеби тілдің негізгі нормалары (орфоэпиялық, орфографиялық, лексикалық және грамматикалық) және сөйлеу этикетінің ережелері туралы білім қалыптастыру; сөздік қорын байыту және қолданылатын грамматикалық құралдар шеңберін кеңейту; норматив тұрғысынан, қарым-қатынас жағдайына сәйкес тілдік құралдарын бағалау және таңдау білігін қалыптастыру; әр түрлі сөйлеу жанрларында монологтық ой-толғамдарды ауызша және жазбаша құру дағдыларын дамыту және жетілдіру; әр түрлі салаларда және коммуникативтік жағдайларда пікірталас, табысты диалогтік қарым-қатынас жүргізу біліктерін жетілдіру; орфоэпиялық, орфографиялық, пунктуациялық және стилистикалық сауаттылықты жетілдіру.

### *Негізгі орта білім беру (Т2, РЯ2)*

Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына (оқыту қазақ тілінде емес) [8; 9] және негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Орыс тілі мен әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына (оқыту орыс тілінде емес) сәйкес пәндерді оқытудың мақсаты келесідей: білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға жағдай жасайтын әртүрлі деңгейдегі тілдік құралдар жүйесіне негізделген сөйлеу әрекеті дағдыларын жетілдіру, қазақ/орыс әдеби тілі нормаларының ережелерін, сөйлеу этикеті ережелерін сақтау. Негізгі орта білім беру деңгейін аяқтағанда білім алушылар CEFR – шетел тілін меңгеру деңгейін бағалаудың жалпыеуропалық жүйесіне сәйкес B2 деңгейінде (ілгері деңгей) тілді еркін меңгеруі тиіс.

Әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, ғылыми-техникалық, оқу-кәсіби салаларында қарым-қатынас жасау үшін қажетті тыңдау, сөйлеу, оқу, жазу дағдыларын дамыту; қазақ/орыс тілі нормалары мен ережелеріне сәйкес синтаксистік құрылымдардың құрастыру біліктері мен дағдыларын, тілдік жүйе бірліктері, оларды ұштастыру ережелері, қызмет ету саласы туралы білім қалыптастыру; оқудың іздеу, таныстыру, зерттеу және алынған ақпаратты өңдеу дағдысын қалыптастыру; әртүрлі жанрлық саладағы шығармаларды талдау және оқылған мәтін бойынша өз ойын дәлелді жеткізу дағдыларын дамыту; композициялардың тақырыптары, идеялары мен ерекшеліктері, шығарманың тілдік ерекшеліктерін, негізгі оқиғаларды, кейіпкерлердің іс-әрекеттері мен қылықтарын анықтау дағдыларын дамыту; жазушы стилінің ерекшеліктерін; оларды әлемдік әдеби шығармалармен және басқа өнер түрлерінің шығармаларымен салыстыру; білім алушылардың сөздік қорын қазақ/орыс тіліндегі коммуникативтік маңызды лексикамен және фразеологиямен байыту *негізгі орта білім беруде* пәнді оқудың мақсаттарына қол жеткізу міндеттерінің бірі болып табылады.

*Негізгі орта білім беру (АЯ)*

*Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Ағылшын тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына [10] сәйкес «Ағылшын тілін» оқытудың мақсаты – негізгі мектепті аяқтағанда білім алушылардың В1 деңгейіндегі тілдік дағдыларын дамыту болып табылады.*

Талдауды, бағалауды және шығармашылық ойлауды дамытуға ықпал ететін тапсырмалардың көптүрлілігі; ауызша және жазбаша дереккөздердің кең ауқымымен жұмыс істеу – негізгі орта мектепте пәнді оқытудың мақсаттарын жүзеге асыру міндеттерінің бірі болып саналады.

*Жалпы орта білім беру (Т1, РЯ 1)*

Жалпы орта білім беру деңгейінің *жаратылыстану-математикалық бағытындағы* 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына [11; 12] және жалпы орта білім беру деңгейінің *жаратылыстану-математикалық бағытындағы* 10-11-сыныптарына арналған «Орыс тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес тіл туралы білімдері қалыптасқан, әдеби тіл нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білуге, еркін сөйлесуге және сауатты жазуға үйренген, сонымен қатар қарым-қатынас жасауда сөйлеу әрекетінің түрлі деңгейлерін қолдану нормаларын сақтауды ескере отырып, сөйлеу әрекетінің барлық түрлері бойынша (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) білім алушылардың функционалдық сауаттылығын жетілдіру арқылы шығармашыл белсенді тұлғаны дамыту болып табылады.

Қазақ/орыс тілі туралы білімдерді қолдану, әдеби тіл нормаларын (орфоэпиялық, орфографиялық, лексикалық және грамматикалық) және қарым-қатынас жасаудың түрлі орталары жағдайларында ауызша және жазбаша сөйлеу этикасы ережелерін сақтау; ақпаратты іздеу, шығарып алу және түрлендіру дағдыларын жетілдіру; сөздік қорды байыту және академиялық тілдің қолданылатын грамматикалық құралдары аясын кеңейту; сыни ойлаудың талдау, жинақтау, бағалау, алынған ақпаратты түсіндіру тәрізді дағдыларын жетілдіру; коммуникативтік міндеттерге байланысты оқудың түрлерін пайдалану; қарым-қатынас жасау жағдайларына байланысты көпшілік алдында түрлі жанрларда сөз сөйлеудің монологтық пікірлерін құрастыру білігін жетілдіру, нормаға сәйкестік тұрғысынан сыни бағалау және тілдік құралдарды таңдау; диалогты қарым-қатынастың табысты болуы үшін біліктерді, түрлі орталарда және коммуникативтік жағдаяттарда проблеманы шешудің жолдарын ұсына отырып пікірталас жүргізуді жетілдіру; түрлі жанрдағы мәтіндер құрастыру барысында стилистикалық сауаттылықты жетілдіру; дербес авторлық стиль қалыптастыру; мәтінді түзете білу және редакциялау білігін қалыптастыру пәннің мақсатына жетудің міндеттерінің бірі болып саналады.

Жалпы орта білім беру деңгейінің *қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы* 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына [13; 14] және жалпы орта білім беру деңгейінің *қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы* 10-11-сыныптарына арналған «Орыс тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес тіл

туралы білімдері қалыптасқан, сонымен қатар қарым-қатынас жасауда сөйлеу әрекетінің түрлі деңгейлерін қолдану нормаларын сақтауды ескере отырып, сөйлеу әрекетінің барлық түрлері бойынша (тыңдалым, оқылм, айтылым, жазылым) білім алушылардың функционалдық сауаттылығын жетілдіру арқылы шығармашыл белсенді тұлғаны дамыту оқытудың мақсаты болып табылады.

Қазақ/орыс тілі туралы білімдерді қолдану, әдеби тіл нормаларын (орфоэпиялық, орфографикалық, лексикалық және грамматикалық) және қарым-қатынас жасаудың түрлі орталары жағдайларында ауызша және жазбаша сөйлеу этикасы ережелерін сақтау; ақпаратты іздеу, шығарып алу және түрлендіру дағдыларын жетілдіру; сөздік қорды байыту және академиялық тілдің қолданылатын грамматикалық құралдары аясын кеңейту; сыни ойлаудың талдау, жинақтау, бағалау, алынған ақпаратты түсіндіру тәрізді дағдыларын жетілдіру; коммуникативтік міндеттерге байланысты оқудың түрлерін пайдалану; қарым-қатынас жасау жағдайларына байланысты көпшілік алдында түрлі жанрларда сөз сөйлеудің монологтық пікірлерін құрастыру білігін жетілдіру, нормаға сәйкестік тұрғысынан сыни бағалау және тілдік құралдарды таңдау; диалогты қарым-қатынастың табысты болуы үшін біліктерді, түрлі орталарда және коммуникативтік жағдаяттарда проблеманы шешудің жолдарын ұсына отырып пікірталас жүргізуді жетілдіру; түрлі жанрдағы мәтіндер құрастыру барысында стилистикалық сауаттылықты жетілдіру; дербес авторлық стиль қалыптастыру; мәтінді түзете білу және редакциялау білігі пәннің мақсатына жетудің міндеттерінің бірі болып саналады.

#### *Жалпы орта білім беру (Т2, РЯ 2)*

Жалпы орта білім беру деңгейінің (жаратылыстану-математикалық бағытындағы, қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы) 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына [15; 16] және жалпы орта білім беру деңгейінің (жаратылыстану-математикалық бағытындағы, қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы) 10-11-сыныптарына арналған «Орыс тілі мен әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес, білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға ықпал ететін әртүрлі деңгейдегі тілдік құралдар жүйесін меңгеруге негізделген сөйлеу әрекетінің дағдыларын қалыптастыру, қазақ/орыс әдеби тілі ережелерін және нормаларын, сөйлеу этикет ережелерін сақтау пәнді оқытудың мақсаты болып табылады.

Әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық, оқу-кәсіби салаларында қарым-қатынас жасау үшін қажетті тыңдау, сөйлеу, оқу, жазу дағдыларын дамыту; қазақ/орыс тілі нормалары мен ережелеріне сәйкес синтаксистік құрылымдардың құрастыру біліктері мен дағдыларын, тілдік жүйе бірліктері, оларды ұштастыру ережелері, қызмет ету саласы туралы білім, сонымен қатар теориялық-әдеби ұғымдар туралы білім қалыптастыру; көркем мәтінді талдау білігін дамыту, әдеби шығармалардың жанрын және түрін анықтау, бейнелеу-әсірелеу құралдарының рөлін, шығарманың идеясын және мәселенамасын тұжырымдау; автордың ұстанымын анықтау, оқылған мәтінге

өз көзқарасын айту білігін дамыту; қазақ/орыс әдеби тілдерінің нормаларын ескере отырып сәйкес тақырыпқа өзара байланысты мәтін құру (ауызша және жазбаша) дағдыларын жетілдіру; ақпаратты іздеу, өңдеу және жазып алумен байланысты біліктер мен дағдыларды жетілдіру; шектеулі мамандықты лексикамен және қазақ/орыс тілінің фразеологиясымен білім алушылардың сөздік қорын байыту пәнді оқытудың міндеттері болып табылады.

*Жалпы орта білім беру (АЯ)*

Жалпы орта білім беру деңгейінің *жаратылыстану-математикалық бағытындағы* 10-11-сыныптарына арналған «Ағылшын тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына [17] сәйкес, білім алушылардың түрлі аудиториялармен тиімді қарым-қатынас жасау мүмкіндігін қамтамасыз ету пәнді оқытудың мақсаты болып табылады.

Мектеп ортасында өз құрбыларымен, мұғалімдермен және қонақтармен өзара қарым-қатынас барысында, сонымен қатар өзінің құрамына ресми және бейресми ауызша және жазбаша презентацияларды (интернеттің мүмкіндіктерін қолданумен мектептен тыс іс-шаралар, көптеген мемлекеттердің ағылшын тілінде сөйлейтін адамдарымен онлайн қарым-қатынас жасау) қамтитын интерактивті міндеттерді жүзеге асыру барысында аталған мақсатқа қол жеткізуге болады.

Жалпы орта білім беру деңгейінің *қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы* 10-11-сыныптарына арналған «Ағылшын тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына [18] сәйкес, білім алушылардың түрлі аудиториялармен тиімді қарым-қатынас жасау мүмкіндігін қамтамасыз ету пәнді оқытудың мақсаты болып табылады.

Мектеп ортасында өз құрбыларымен, мұғалімдермен және қонақтармен өзара қарым-қатынас барысында, сонымен қатар өзінің құрамына ресми және бейресми ауызша және жазбаша презентацияларды (интернеттің мүмкіндіктерін қолданумен мектептен тыс іс-шаралар, көптеген мемлекеттердің ағылшын тілінде сөйлейтін адамдарымен онлайн қарым-қатынас жасайтын) қамтитын интерактивті міндеттерді жүзеге асыру барысында аталған мақсатқа қол жеткізуге болады.

Тілдік пәндердің сабақтары үшін мәтіндік оқу материалдарды іріктеу барысында келесі жағдайларды ескеру қажет:

- 1) классикалық әдебиетке тәуелділігін;
- 2) шығарманың өзектілігін;
- 3) дамытуға бағыттылығын: а) білім алушылардың адамгершілік қасиеттері; б) азаматтылық және патриоттық сезімдер; в) оқу дағдылары;
- 4) әртүрлі жанрлылық;
- 5) мектеп оқушыларының жас ерекшеліктерін ескеру;
- 6) қолжетімділік және оқу қызығушылығы;
- 7) әдебиет бойынша міндетті бағдарламада жоқтығы (немесе алға кету).

Тілдік пәндердің сабақтары үшін мәтіндік оқу материалдарды іріктеу барысында өзінің құрамына оқу әрекеттерін қамтитын келесі жағдайларды ескеру қажет:

- мәтінде тікелей аталған бөлшектерді оқып білу (ақпарат бірліктерін),
- осы ақпараттан нақты ой тұжырымдамасын жасау;
- мәтіннің жекелеген хабарламаларын түсіндіру және біріктіру;
- барлық хабарламаның және оның жеке бөлшектерінің тілін және формасын, мазмұмынын бағалау.

Білім алушылардың оқу қызығушылығының көрсеткіштері келесідей болады:

- нақты ақпаратқа, мәтінге қызығушылық («осы мәтін бар кітапты алғым келеді»);
- мәтінді оқу процесіне қызығу («мәтіннен қол үзіп кете алмаймын»);
- жаңа мәтіннен алған әсері туралы басқалармен бөлісуге ұмтылу («басқалар да бұл туралы білгенін қалаймын»).

Тілдік пәндердің сабақтары үшін мәтіндік оқу материалдарын іріктеу критерийлерін көптеген ғалымдар әдістемелік әдебиеттерде қарастырған [19; 20]:

1. Ынталандырушы-танымдық критерийі.
2. Тілдік және мағыналық қолжетімдік критерийі.
3. Жанрлық және композициялық-сөздік әртүрлілік критерийі.
4. Ақпараттылық критерийі.
5. Лингвистикалық-элеуметтік-мәдени құндылық критерийі.
6. Тәрбиелік құндылық критерийі.

Алайда кейбір классикалық критерийлер қазіргі кездегі білім беру процесінде мәтіндік материалдарды іріктеу мәселелерін жеткілікті көлемде аша алмайды.

Біз мектеп педагогтерінің талдамалық іс-әрекеттерінің деректерін қарастырып, тіл пәндері бойынша заманауи мұғалімдердің нақты міндеттеріне неғұрлым жақын тілдік пәндерге арналған мәтіндік материалдарды іріктеудің критерийлерін әзірледік. Тілдік пәндер бойынша сабақтарға арналған мәтіндік оқу материалдарын іріктеу бойынша ұсынымдама сипатындағы келесі критерийлерді ұсынамыз (1-кесте):

- 1) ынталандырушы-ақпараттық критерийі;
- 2) адамгершілік-құндылық критерийі;
- 3) мәдениеттанымдық критерийі;
- 4) тілдік және мағыналық қолжетімділік критерийі.
- 5) тілдік көптүрлілік критерийі;
- 6) білім беру мазмұнының сабақтастығы критерийі.

*1-кесте – Тіл пәндерінің сабақтарына арналған мәтіндік оқу материалдарын іріктеу критерийлері (ұсынымдық сипатта)*

№	Критерийлер	Мазмұны	Пән
1	ынталандырушы-ақпараттық критерийі	білім алушылар үшін өзекті мәселелерді қамтитын және олардың жас ерекшеліктері мен өмірлік тәжірибесіне сәйкес оқуға қызығушылығын қолдауға жәрдемдесетін мәтіндерді іріктеу	T1, Я1, T2, Я2, АЯ

2	адамгершілік-құндылық критерийі	жалпы адамдық құндылықтар мен адамгершілік қасиеттерді, сонымен қатар құрдастарының немесе мәтіндік материалдар/шығармалар кейіпкерлерінің іс-әрекеттерін бағалау арқылы қалыптастыруды қамтамасыз ететін мәтіндерді іріктеу	T1, Я1, T2, Я2, АЯ
3	мәдениеттанымдық критерий	білім алушылардың фондық (аялық) білімді меңгерулеріне ықпал ететін мәтіндерді іріктеу, олардың жоқтығы екінші тілдегі/үшінші тілдегі мәтіндердің мазмұнын түсінудің негізгі кедергілерінің бірі болып табылады және оқылатын тілде сөйлейтін адамдармен мәдениетаралық қарым-қатынас процесін қиындатады	T2, Я2, АЯ
4	тілдік және мағыналық қолжетімділік критерийі	мәтіннің мағыналық қиындықтар деңгейі, білім алушылардың танымдық мүмкіндіктеріне және олардың жас ерекшелігіне сәйкестігін болжайтын мәтіндерді іріктеу	T1, Я1, T2, Я2, АЯ
5	тілдік көптүрлілік критерийі	стильдік және жанрлық тұрғыдан алуан түрлі, сондай-ақ атап айтқанда: сипаттау, баяндау, пайымдау тәрізді сөйлеудің функционалдық-мағыналық түріндегі мәтіндерді іріктеу	T1, Я1, T2, Я2, АЯ
6	білім беру мазмұнының сабақтастығы критерийі	мәтіннің білім мазмұнына сәйкестігін болжайтын, әр сабақта грамматикалық дағдыларды қалыптастыру мақсатында өтілген материал тақырыбына сәйкес мәтіндерді іріктеу, оқу жоспарларының және мәтіндік материалдардың өзектілігі мен үйлесімділігі, деңгейлер арасындағы жатық ауысу – ауысу кезеңіндегі сыныптың ерекшеліктеріне мәтін деңгейінің сәйкестігі (4-5, 9-10-сыныптар)	T1, Я1, T2, Я2, АЯ

Тілдік пәндер бойынша сабақтарға арналған мәтіндік оқу материалдарын іріктеу бойынша ұсынымдама сипатындағы критерийлер:

1. *Ынталандырушы-ақпараттық критерийі* (2-кесте) білім алушылар үшін өзекті болып табылатын мәселелерді қамтитын және оқушылардың жас ерекшелігі мен өмірлік тәжірибесіне сәйкес оқу қызығушылығын қолдауға ықпал ететін мәтіндерді іріктеуді болжайды. Қазіргі кездің дидактикасында білім алушылардың жас ерекшелігін есепке алуға үлкен көңіл бөлінеді. Аталған есепке алудың маңыздылығы өзінің бейнесін оқытудың жалпы педагогикалық және дидактикалық принциптері жүйесінен табады, олардың қатарына мұғалімнің басшылық жасау рөлімен бірге саналылық, белсенділік, дербестік принциптерімен қатар жүйелілік, бірзділік, көрнекілік, қол жетімділік және күш жетерлік және білім алушылардың жас ерекшеліктерін есепке алу принципі де жатады. Бұл принциптер мектептің кез келген пәндерінің, атап айтқанда тілдік пәндердің де білім беру процесін ұйымдастыру негізінде жатқандығы сөзсіз, себебі оның мазмұнын, формасын және жұмыс істеу әдістерін анықтайды. Ақпараттылық әр жеке мәтін тақырып бойынша бұрынғы деректерге қарағанда жаңа ақпарат беретінін болжайды.

Осылайша, бастауыш мектептің білім алушылары үшін қысқа тақпақтар, ертегілер, ұйқастырмалар және басқалар неғұрлым үлкен қызығушылық тудырады. Негізгі орта білім деңгейінде білім алушылар сюжет желісінің фабуласы жарқын және қызықты әңгімелерді қызығып оқиды, ал жоғары сынып білім алушылары проблемалы мазмұндағы мәтіндерге басымшылық береді. Сол сияқты мәтіндер білім алушыларды өз ойын айтуға, дәлелдеуге және өз пікірін қорғай білуге үйретеді. Ерекше элементтері бар, түгел айтылмаған, қандай да бір қарама-қайшылықты білдіретін түрлі жанрдағы мәтіндер осындай мәтіндердің мысалы бола алады. Сонымен қатар, жоғары сынып білім алушылары үшін білімнің әр түрлі саласынан ғылыми-көпшілікті мәтіндер ерекше қызығушылық тудырады, себебі олар білім алушылардың танымдық қызығушылығын қанағаттандырып қана қоймайды, сонымен қатар мамандық әлемінде бағыт-бағдар табуға көмектеседі.

2. *Адамгершілік-құндылық критерийі* (3-кесте) жалпыазаматтық құндылықтарды (отбасына, ана тіліне деген сүйіспеншілік, белсенді және салауатты өмір салты, табиғатқа ұқыпты көзқарас және басқалар) және құрбыларының, шығармалардың кейіпкерлерінің амал-әрекеттерін бағалаудың нәтижесінде қалыптасатын адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруды қамтамасыз ететін мәтіндерді іріктеуге қатысты болады. Осыған байланысты тілдерді оқыту процесінде бастауыш мектептің мұғалімдері сабақтарында оқудың нәтижесі бойынша және мәтінмен іс-әрекеттің белсенді түрлерімен жұмыс істеу барысында, театрланған қойылымдар, өлең және ән материалдарын жаттауды, ойынның әртүрлі түрлерін қолданады.

Негізгі орта деңгей үшін екпін достарымен, туыстарымен, өзінен жасы кіші және үлкен адамдармен қарым-қатынас жасау, бір-бірімен пікір алмасу мәдениетін көрсететін, ал жоғары сынып білім алушылары үшін өзінің өмірлік жолын таңдауға бағыттайтын мәтіндерге жасалады. Мысалы, бастауыш сыныптарға арналған оқулықтарда, негізінен материалдар қоршаған ортаны тануға бағытталған, көптеген тапсырма түрлерін белсенді іс-әрекеттер барысында орындауға болады. Жасөспірім жасындағы балаларға арналған тапсырмалар негізінен білім алушылардың бір-бірімен жеке тұлғаны толғандыратын тақырыпты талқылайтын қарым-қатынасты тудыратын мәселелерге, жастық шақтағыларға арналған оқу тақырыптары негізінен кәсіптік бағытты таңдауға бағытталған.

3. *Мәдениеттанымдық критерийі* (4-кесте) білім алушылардың фондық немесе белгілі ақпаратты меңгеруіне ықпал ететін мәтіндерді іріктеуді білдіреді, олардың болмауы Т2, Я2, АЯ мәтіндерінің мазмұнын түсіну үшін кедергілердің негізгісі болып табылады және оқылатын тілде сөйлейтін адамдармен мәдениетаралық қарым-қатынас процесін қиындатады.

Тілдік қателерге қарағанда мәдени қателер әлдеқайда ауыр қабылданады. Сонымен бірге, мәдени дәстүрлердің айырмашылықтарын салыстыру және салғастыру барысында, білім алушылар оқылып жатқан тіл елінің мәдениетіне тән, өздері үшін тек қана жаңа нормалармен және құндылықтармен ғана танысып қоймайды, сондай-ақ туған мәдениеттің құндылықтарына жағымды

қарым-қатынас қалыптастырады, ал туған және басқа тілді мәдениеттің фактілерін салыстыру олардың өзіне тән ерекшеліктерін, ортақ белгілерін анықтауға мүмкіндік береді.

Екінші және үшінші тілді оқу процесінде коммуникативтік дағдыларды қалыптастырумен қатар, мәтіндік материалды дұрыс іріктеу арқылы білім алушыларды оқылатын тіл халықтарының мәдени құндылықтарын құрметтеуге тарту маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

Оқылатын тілде сөйлейтін халықтардың мәдениетін және құндылықтарын түсіну, тілді үйрену процесін неғұрлым тиімді етеді, сонымен қатар білім алушылардың танымдық белсенділігін арттырады және ынталандырады. Осыған байланысты мұғалімдер сабақтарында суреттер, мәтіндер, таспаға жазылған дыбыстар тәрізді түпнұсқалық материалдарды пайдалануға баса назар аударуының үлкен маңызы бар. Мәтіндерге қоса берілген иллюстрациялық материалдар арқылы елдің өмірімен, мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен танысуға мүмкіндік береді.

Бір жағынан, тілді оқуға ұсынылған бұл тәсіл білім алушылардың танымдық қызығушылығын арттыруға ықпал етеді, мәдени шарттастық тұрғысынан тіл сезгіштікті дамытады, оқылатын елдің мәдени шындықтарын көрсетеді. Алайда, екінші жағынан, білім алушылардың жас ерекшелігі тұрғысынан, аталған тәсілді толығымен қолдану жоғары сыныптарда, яғни білім алушы грамматикалық, лексикалық және стилистикалық материалды толық меңгерген жағдайда ғана мүмкін.

4. *Тілдік және мағыналық қолжетімділік критерийі* (5-кесте). Бұл критерий, бір жағынан, мәтінге қосылған лексикалық-грамматикалық материалдың күш жетерлігіне байланысты, яғни оны меңгеру дәрежесі жазбаша берілген ақпараттың мазмұнын түсіну деңгейін алдын ала анықтайды.

Мәтіннің жалпы мазмұнын түсіну үшін қосылған таныс емес сөздердің саны 6%-ке дейін (бір бетте 10 – 12 сөз) болуы тиіс, егжей-тегжейлі түсінуге арналған мәтіндер көлемі жағынан әлдеқайда шағын болады, сондықтан таныс емес сөздердің көлемі 10%-ке дейін қамтуы мүмкін.

Сонымен қатар, таныс емес сөздердің түсіну үшін маңызы қаншалықты екендігін ескерген жөн және осыған сәйкес: а) таныс емес сөздер түсінуге кедергі жасамайтын немесе екінші кезектегі ақпаратты беру үшін қолдануға болатын мәтіндерді; б) түсіну үшін маңыздылығы бар таныс емес сөздер кездесетін мәтіндерді айыру қажет.

Бастауыш мектепке арналған мәтіндер тілдік таныс материал негізінде құрылатынын немесе таныс емес сөздердің саны аз қамтылған болатындығын анықтап алайық.

Екінші жағынан, аталған критерий мәтіннің мағыналық күрделілік деңгейі білім алушылардың танымдық қызығушылығы мен олардың жас ерекшелігіне сәйкес болуын болжайды.

5. *Тілдік көптүрлілік критерийі* (6-кесте) түрлі мәтіндік материалды стильдік және жанрлық қатынасына байланысты, сонымен қатар сөйлеудің



функционалдық-мағыналық түріне, атап айтқанда: сипаттау, баяндау, пайымдау тұрғыдан іріктеуді болжайды.

Осылайша, бастауыш мектепте оқуды меңгеру қысқа мәтіндер, ертегілер, оқылатын тіл елінен келген құрбыларының жеке хаттарын, прагматикалық мәтіндерді (афиша, рецептерді және басқаларды) оқу арқылы жүзеге асырылады

Негізгі орта мектепте прагматикалық мәтіндердің тізімі кеңейеді: оларға мазмұны бойынша неғұрлым күрделі мәтіндер, мысалы ауа райы болжауы, хабарландырулар, жарнамалық материалдар және басқалар қосылады, ал жоғары мектепте жасөспірімдерге арналған көркем шығармалардан, газет-журналдардың мақалаларынан және т.б. үзінділер қосылады.

*6. Білім беру мазмұнының сабақтастығы критерийі (7-кесте).* Әр сабақта грамматикалық дағдылар қалыптастыру мақсатында мәтіндердің білім беру мазмұнына сәйкестігін, мәтіндердің өтілген материалдардың тақырыптарына сәйкестігін болжайтын мәтіндерді іріктеу, оқу жоспарларының және мәтіндік материалдардың өзектілігі мен үйлесімділігі, деңгейлер арасындағы жатық ауысу – мәтін деңгейінің өтпелі кезеңдердегі сыныптың ерекшеліктеріне сәйкестігі (4-5, 9-10-сыныптар) (деңгейлер арасындағы жатық ауысым).

Сонымен қатар, білім алушылардың бойында нақты пән бойынша білім, білік және дағдыларды қалыптастыру процесінде, жастық кезеңдерге бөлу ғана емес, сондай-ақ оқуға деген ынтаны арттыруды қалыптастыруға баса көңіл аударуды да есепке алудың қажеттілігін атап өту қажет. Себебі, қазіргі кездің білім беру жүйесінде оқу процесін зияткерлендіру жағына күрт өту басталды, ол кез келген білім алушының шамасы келе бермейтін, ақпараттық жүктеменің сонымен бірге мәтіндердегі жүктеменің ұлғаюынан байқалады.

*2-кесте – Білім беру деңгейлері кесіндісінде тілдік пәндердің сабақтарына арналған мәтіндік оқу материалдарын іріктеу бойынша ынталандырушы-ақпараттық критерийлері*

№	Критерийлер	Бастауыш білім беру	Негізгі орта білім беру	Жалпы орта білім беру
1	Ынталандырушы-ақпараттық критерийі	Ақпараттылық - әрбір жеке мәтін берілген тақырып бойынша өткендегімен салыстырғанда жаңа ақпарат әкелетіндігі болжанады. Осылайша, бастауыш сыныптардың білім алушылар үшін қысқа тақпақтар, ертегілер, ұйұастырмалар	Негізгі орта деңгейде білім алушылар сюжет желісінің фабуласы жарқын және қызықты әңгімелерді қызығып оқиды	Жоғары сынып білім алушылары проблемалы мазмұндағы мәтіндерге басымшылық береді. Бұндай мәтіндер білім алушыларды өз ойын айтуға, дәлелдеуге және өз пікірін қорғай білуге үйретеді. Ерекше элементтері бар, түгел айтылмаған,

		және т.б. неғұрлым үлкен қызығушылық тудырады.		қандай да бір қарама-қайшылықты білдіретін түрлі жанрдағы мәтіндер осындай мәтіндердің мысалы бола алады. Сонымен қатар, жоғары сынып білім алушылары үшін білімнің әр түрлі саласынан ғылыми-көпшілікті мәтіндер ерекше қызығушылық тудырады, себебі олардың танымдық қызығушылығын қанағаттандырып қана қоймайды, сонымен қатар мамандық әлемінде бағыт-бағдар табуға көмектеседі.
--	--	--	--	--

3-кесте – Білім беру деңгейлері кесіндісінде тілдік пәндердің сабақтарына арналған мәтіндік оқу материалдарын іріктеу бойынша өнегелік-құндылық критерийі

№	Критерийлер	Бастауыш білім беру	Негізгі орта білім беру	Жалпы орта білім беру
1	Адамгершілік-құндылық критерийі	Бастауыш мектептің сабақтарында оқудың нәтижесі бойынша және мәтінмен іс-әрекеттің белсенді түрлерімен жұмыс істеу барысында, театрланған қойылымдар, өлең және ән материалдарын жаттауды, ойынның әртүрлі түрлерін қолданады. Мысалы, бастауыш сыныптарға арналған	Негізгі орта деңгей үшін екпін достарымен, туыстарымен, өзінен жасы кіші және үлкен адамдармен қарым-қатынас жасау, бір-бірімен пікір алмасу мәдениетін көрсететін. Жасөспірім жасындағы балаларға арналған тапсырмалар негізінен білім алушылардың бір-бірімен жеке тұлғаны толғандыратын	Жоғары сынып білім алушылары үшін өзінің өмірлік жолын таңдауға бағыттайтын мәтіндерге басымшылық беріледі. Мысалы, жоғары сыныптарға арналған оқулықтардағы мәтіндер негізінен кәсіптік бағытты таңдауға бағытталған.

	оқулықтарда, негізінен материалдар қоршаған ортаны тануға бағытталған, көптеген тапсырма түрлерін белсенді іс-әрекеттер барысында орындауға болады.	тақырыпты талқылайтын қарым-қатынасты тудыратын мәселелерге бағытталған.	
--	---	--	--

4-кесте – Білім беру деңгейлері кесіндісінде тілдік пәндердің сабақтарына арналған мәтіндік оқу материалдарын іріктеу бойынша мәдениеттанымдық критерийі

№	Критерийлер	Бастауыш білім беру	Негізгі орта білім беру	Жалпы орта білім беру
1	Мәдениеттанымдық критерийі	Білім алушылардың фондық немесе белгілі ақпаратты меңгеруіне ықпал ететін мәтіндер қарастырылады	Оқылатын тілде сөйлейтін адамдармен мәдениетаралық қарым-қатынас процесін қиындатпайтын мәтіндер. Сонымен бірге, мәдени дәстүрлердің айырмашылықтарын салыстыру және салғастыру барысында, білім алушылар оқылып жатқан тіл елінің мәдениетіне тән, өздері үшін тек қана жаңа нормалармен және құндылықтармен ғана танысып қоймайды, сондай-ақ туған мәдениеттің құндылықтарына жағымды қарым-қатынас қалыптастырады, ал туған және басқа тілді мәдениеттің фактілерін салыстыру олардың өзіне тән ерекшеліктерін, ортақ белгілерін анықтауға мүмкіндік береді.	Білім алушылардың танымдық қызығушылығын арттыруға ықпал етеді, мәдени шарттастық тұрғысынан тіл сезгіштікті дамытады, оқылатын елдің мәдени шындықтарын көрсетеді, бұл білім алушының грамматикалық, лексикалық және стилистикалық материалды толық меңгерген жағдайда ғана мүмкін.

5-кесте – Білім беру деңгейлері кесіндісінде тілдік пәндердің сабақтарына арналған мәтіндік оқу материалдарын іріктеу бойынша тілдік және мағыналық қолжетімділік критерийі

№	Критерийлер	Бастауыш білім беру	Негізгі орта білім беру	Жалпы орта білім беру
1	Тілдік және мағыналық қолжетімділік критерийі	Бастауыш мектепке арналған мәтіндер тілдік таныс материал негізінде құрылады немесе таныс емес сөздердің саны аз қамтылған болатынды.	Негізгі орта білім беру деңгейіне арналған мәтіндердің мағыналық күрделілік деңгейі білім алушылардың танымдық қызығушылығы мен олардың жас ерекшелігіне сәйкес болуын болжайды.	Жоғары сыныптардың білім алушыларына арналған мәтіндердің мағыналық күрделілік деңгейі жоғары сынып білім алушыларының танымдық қызығушылығы мен олардың жас ерекшелігіне сәйкес болуын болжайды.

6-кесте – Білім беру деңгейлері кесіндісінде тілдік пәндердің сабақтарына арналған мәтіндік оқу материалдарын іріктеу бойынша тілдік көптүрлілік критерийі

№	Критерийлер	Бастауыш білім беру	Негізгі орта білім беру	Жалпы орта білім беру
1	Тілдік көптүрлілік критерийі	Бастауыш мектепте оқуды меңгеру қысқа мәтіндер, ертегілер, оқылатын тіл елінен келген құрбыларының жеке хаттарын, прагматикалық мәтіндерді (афиша, рецептерді және басқаларды) оқу арқылы жүзеге асырылады.	Негізгі орта мектепте прагматикалық мәтіндердің тізімі кеңейеді: оларға мазмұны бойынша неғұрлым күрделі мәтіндер, мысалы ауа райы болжауы, хабарландырулар, жарнамалық материалдар және басқалар қосылады.	Жоғары мектеп білім алушыларына арналған прагматикалық мәтіндер тізімі кеңейеді: мазмұны жағынан неғұрлым күрделі мәтіндерге, сонымен қатар көркем шығармалардан, газет-журналдардың мақалаларынан және т.б. үзінділер қосылады.

7-кесте – Білім беру деңгейлері кесіндісінде тілдік пәндердің сабақтарына арналған мәтіндік оқу материалдарын іріктеу бойынша білім беру мазмұнының сабақтастығы критерийі

№	Критерийлер	Бастауыш білім беру	Негізгі орта білім беру	Жалпы орта білім беру
1	Білім беру мазмұнының сабақтастығы критерийі	Мәтіндердің білім беру мазмұнына сәйкестігін, мәтіндердің өтілген	Мәтіндердің білім беру мазмұнына сәйкестігін, мәтіндердің өтілген	Мәтіндердің білім беру мазмұнына сәйкестігін, мәтіндердің өтілген

	материалдардың тақырыптарына сәйкестігін болжайтын мәтіндерді іріктеу.	материалдардың тақырыптарына сәйкестігін болжайтын мәтіндерді іріктеу, оқу жоспарларының және мәтіндік материалдардың өзектілігі мен үйлесімділігі, деңгейлер арасындағы жатық ауысу – мәтін деңгейінің өтпелі кезеңдердегі сыныптың ерекшеліктеріне сәйкестігі (4-5-сыныптар).	материалдардың тақырыптарына сәйкестігін болжайтын мәтіндерді іріктеу, оқу жоспарларының және мәтіндік материалдардың өзектілігі мен үйлесімділігі, деңгейлер арасындағы жатық ауысу – мәтін деңгейінің өтпелі кезеңдердегі сыныптың ерекшеліктеріне сәйкестігі (9-10-сыныптар).
--	--	---	--

## ТІЛДІК ПӘНДЕР САБАҚТАРЫНА ҚАЖЕТТІ МӘТІНДІК ОҚУ МАТЕРИАЛДАРЫН ТАҢДАУ БОЙЫНША ПЕДАГОГТЕРГЕ АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫСТАР

1. Білім алушылардың бойында нақты пән бойынша білім, білік және дағдыларды қалыптастыру процесінде, жастық кезеңдерге бөлу ғана емес, сондай-ақ оқуға деген ынтаны арттыруды қалыптастыруға баса көңіл аударуды да есепке алудың қажеттілігін атап өту қажет. Себебі, қазіргі кездің білім беру жүйесінде оқу процесін зияткерлендіру жағына күрт өту басталды, ол кез келген білім алушының шамасы келе бермейтін, ақпараттық жүктеменің сонымен бірге мәтіндердегі жүктеменің ұлғаюынан байқалады.

2. Оқу мәтінін ұғыну нәтижесі ретінде түсіну мәтінде сипатталған объектілер мен құбылыстар мен нақты шындық құбылыстары арасындағы әр түрлі байланыстар мен қарым-қатынасты; оқу мәтінінің ішіндегі объектілер мен құбылыстар арасындағы, "оған сөйлейтін адам басынан өткерген қарым-қатынастар және хабарламада қамтылған оятқыш-ерік ақпараттары" жатады.

3. Оқу мәтінінің маңызды сипаттамасы оның көп функциялылығы, ақпаратты сақтау, мәдени кодтар, жалпы және кәсіби білім иесі болу, білім алушылардың санасына әсер ету, оларға уәждемелік әсер ету, олардың креативті қасиеттерін дамытуға ықпал ету болып табылады.

4. Негізгі оқу мәтіні - дидактикалық және әдістемелік түрде өңделген және автормен жүйеленген, оқылатын оқу пәнінің ұғымдарын, құбылыстарын, үрдістерін, фактілерін, оқиғаларын, заңдарын, идеяларын, концепцияларын, әдістерін, олардың сипаттамаларын, құрамын, түрлерін, қасиеттерін және т.б. тұрғысынан ашып көрсететін ауызша оқу материалы болып табылады. Әдетте, кез келген оқу басылымының жеке элементтерге: бөлімдер, тараулар,

параграфтар нақты бөлінуі бар. Қабылдауды жеңілдету үшін оқу мәтіні кестелермен және иллюстрациялық материалдармен сүйемелденуі мүмкін.

5. Мәтінді мұқият пысықтау - бұл орындалатын жұмыстың сипаты бойынша қажетті дәрежеде меңгеру. Білім алушылардың мәтінді оқу ғана емес, оны түсінуі, шешуі, түсінуі қажет. Оқу мәтінін жақсы меңгеру үшін педагог тақырыпқа, бастырмаларға, түйінді сөздерге, мәтінді абзац шегіне бөлуге, астын сызуға, нөмірлеуді енгізуге назар аударады.

6. Мәтіндерді сабақ тақырыбына тек оқулықтан ғана емес, хрестоматиядан, құралдардан, құжаттар жинақтарынан да есепке ала отырып таңдау қажет. Олар нақты, күрделі, проблемалық, қызықты және танымдық болуы тиіс.

7. Оқыту мәтіндерін мынадай: ақпараттың жүйелілігі бұзылған мәтіндер; нақты немесе логикалық қателерді қамтитын мәтіндер; артық немесе жетпейтін ақпараты бар мәтіндер; қарама-қайшы немесе вариативті ақпаратты қамтитын мәтіндер деп бөлуге болады. Соңғы екі түрдің оқыту нәтижесі - мұндай мәтіндер білім алушыларды жағдайды талдауға, осы жағдайды шешу үшін қажетті білімді, дағдыларды, тәжірибені кешенді пайдалануға бағыттайды.

8. Мәтіндерді тек жаңа тақырыпты зерттеу үшін ғана емес, сонымен қатар сабақта білім алушылардың қызметін әр түрлі ету үшін де қолданған жөн. Осылайша, мәтінмен жұмыс істеу әдістемесі білім алушыларды өз бетінше ізденуге және білім алуға итермелейтін жағдайларды моделдеу бойынша педагогтың мақсатты қызметін білдіреді. Педагог ақпаратты алу, өңдеу және қолдану бойынша білім мен дағдыларды тарту есебінен жеке және әлеуметтік маңызды мәселелерді шешуді болжайтын оқу-танымдық құзыреттілікті қалыптастыру үшін жағдай жасайды.

9. Мәтіндік оқу материалдарына тест жатады. Оқу материалын меңгеру деңгейін анықтау, бақылау нысандарының бірі тестілеу болып табылады. Жалпы ғылыми мағынадағы тест - бұл белгілі бір қасиеттің немесе сапаның бар-жоғын немесе айқындылық дәрежесін анықтау мақсатында осы нақты объектінің белгілері туралы неғұрлым маңызды ақпаратты қысқа уақыт аралығында алуға бағытталған стандартталған қысқа сынақ болып табылады.

10. Оқушылардың жас ұлғаюы, тұлғалық, психологиялық-педагогикалық сипаттамаларын ескере отырып, проблеманың әдістемелік аспектілерін ескере отырып, оқытуды саралау әр оқушының дамуын арттыру қажеттілігінен туындайды. Оқылатын оқу материалының білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келмеуі - мектеп педагогикасының басты мәселелерінің бірі болып табылады. Психологтардың бақылаулары бойынша оқушы өз дамуында бірқатар кезеңдерден өтеді: кіші жасөспірімдер (10-12 жас), аға жасөспірімдер (13-14 жас) және ерте жастық кезең (16-17 жас). Бала дамуының жас кезеңдері оны белгілі бір сыныптарда оқытумен бірдей болып келеді: кіші жасөспірімдер жасы – 4-6 сыныптарға, аға жасөспірімдер – 7-8 сыныптарға және ерте жастық кезеңі – 9-11 сыныптарға тән болады.

11. Оқу мәтіні тәрбие функцияларын орындауы тиіс, қатысы бар сөйлеу стилінің өзіне тән ерекшеліктерін бейнелеуі, сонымен қатар оқылатын

пәндердің лексикасының есебінен білім алушылардың сөздік қорын байытуға ықпал етуі тиіс.

12. Балалар мен жасөспірімдердің тілдік пәндер сабақтарында оқуды дамыту үшін мәтінді оқу материалдарын сауатты таңдауды, елдің болашағы үшін маңыздылығы бар мемлекеттің мәдени және білім беру саясатындағы алғышартты бағыты ретінде қарастырулары қажет.

13. Осындай мәнмәтінде тілдік пәндердің сабақтарында баспа және электронды кітаптардағы, журналдар мен газеттердегі, түрлі құжаттардағы, интернет-ресурстардағы мәтіндік оқу материалдары ғылыми, кәсіби және күнделікті білімді, базалық әлеуметтік маңызды ақпаратты меңгерудің маңызды тәсілі ретінде, сонымен қатар адамзат жинақтаған әлеуметтік тәжірибе мен мағынаны меңгеру көзінің маңыздылығы бойынша алғашқы және негізгі рөлді атқарады.

